

Сомалиге ресми ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 тамыздағы № 967 Қаулысы

Сомалиде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық ахуалға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Сомалиге ресми ізгілік көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін 2011 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 500 000 (бес жүз мың) АҚШ долларына баламалы сомада қаражат б ө л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен көрсетілген қаражатты арнайы банктік шотқа аударуды қамтамасыз етсін: Account name: OIC Assistance Fund, Bank name: SAMBA Financial Group Bank, Jeddah, Account no: 0005600758, SWIFT code: SAMBSARI, IBAN no: SA 294 0000 0000 0000 5600758, Currency: US dollar, Bank address: Main Branch Al-Andalous street, Jeddah, K i n g d o m o f S a u d i A r a b i a .

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов*